

СЕНІМ – ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТКІЗЕДІ

Жастарға кәсіптік-техникалық білім беру, нарық қатынасын орнықтыру, шағын және орта бизнесті дамыту, заман талабына сай бәсекелестікке төтеп бере алатын, жан-жақты іскер жұмысшы мамандарын даярлау – бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты орындауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына үлкен міндеттер жүктелген.

Қазіргі таңда кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін индустриалдық – инновациялық даму бағдарламасына сай жетілдіру үрдісі жүріп жатыр.

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі облыстық бюджет есебінен қаржыландырылады. Қазіргі таңда колледжде «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Пісіру ісі (түрлері бойынша)», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», «Үйлер мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Ішкі санитарлық – техникалық құрылғылар мен вентиляцияны монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша)», «Жолқұрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)» «Ауылшаруашылығы техникаларына қызмет көрсету және жөндеу», «Ферма шаруашылығы (түрлері бойынша)», «Ветеринария», мамандықтары бойынша мамандар даярланады. Барлық мамандықтар бойынша жалпыға бірдей білім стандарттары мен мемлекеттік лицензиялар алынған.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында кәсіптік білімді жаңғырту



және өндірістің әр саласы бойынша мамандар даярлау жүйесін жетілдіру үшін дуальдық оқыту жүйесін енгізуді ұсынған болатын.

Президентіміздің осынау бастамасымен техникалық және кәсіптік білім жүйесіне дуальдық оқыту жүйесі енгізілуде. Ендеше кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті, еліміздің дамуы мен өркендеуіне үлес қосатын азаматтар тәрбиелеу бүгінгі күннің – басты мақсаты. Осы бағытты ұстанған біздің іргелі ұжым

Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде нақты кезеңде дуальдық оқыту жүйесі эксперимент түрінде жүргізілуде. Сонымен қатар колледжіміз 2013 жылдан «E-learning» – электрондық оқыту жүйесінің қанатқақты жобасымен жұмыс жасап келеді. Осы бағытта 60 педагог өз білімдерін жетілдірді.

Жоғарыда айтылғандай біздің колледжде «Ауылшаруашылығы техникаларына қызмет көрсету және жөндеу», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Пісіру ісі», «Ветеринария» мамандықтары дуальдық оқыту жүйесі эксперимент түрінде жүргізілуде. Сондай – ақ студенттерді тәжірбиеден өткізуге мүмкіндігі бар, жұмыс орнын жасақтай алатын кәсіпорындарды тауып, олармен әлеуметтік серіктестікті жандандырып, келісім шарт жасау назарға алынған. Оқу бағдарламасы, оқу – жұмыс жоспарлары талқыланып, оқу сағаттары, оқу кестесі талапқа сай жасалынды. «Техниканың тілін біл» қағидасымен жаңа техника мен технологияны жіті меңгерген оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлері топтастырылды. Біліктілікті арттыру – замана талабы. Бұл бағытта да бірқатар шаралар жүзеге асуда. Инженер – педагогтардың біліктілігі арттыру курстарынан өтуі қатаң қадағалауға алынған. Мәселен, колледж мамандары

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Қызылорда филиалында білімдерін жетілдірсе, 10 инженер – педагог маман Беларусияның астанасы Минск қаласында тағлымдамадан өтіп келуі соның дәлелі. Айта кетерлігі колледж бен әлеуметтік серіктестіктермен жүйелі түрде байланыс орнатылған.

Соның нәтижесінде «РЗА» АҚ, «Рза – Асыл түлік» ЖШС, «Рза – Агро» ЖШС, «Рза – Транс» ЖШС, «Жылу – XXI» ЖШС, «Сыр маржаны» ЖШС, «Жалаңтөс» ЖШС, «Мерей» ЖШС, «Намыс – құрылыс» ЖШС, «Қазалы – Жолшы» серіктестіктерімен жасалған байланыс қысқа мерзімде өзінің оң нәтижесін көрсетуде. Әрбір оқу жылының басында екі жақты келісім шарт жасалып, білім алушыларды өндірістік практикаға жіберу, алған білімді шын мәнінде іс жүзінде бойға дарыту жолға қойылған. Өткен оқу жылында III курстар күздік кәсіптік дағдыларға ие болу практикасына жіберілді. Олар күріш жинау, егін жинауға техника дайындау, спорт комплексіне дәнекерлеу, құрылыс жұмыстарын жүргізу, жол салу, жылу жүйелерін жүргізу жұмыстарымен қатар кәсіпкерлік нысандарында (кәмпит цехы), көктемдік кәсіптік дағдыларға ие болу, ветеринариялық егу, төл төлдету, жемдеу жұмыстары бойынша тәжірибе жинақтады.

Сонымен қатар жүргізілген жұмыстар білім мекемесінің түлектерін кәсіби тәжірибе кезінде айлық жалақы алу, жұмысқа орналастыру жұмыстарын орындаумен жалғасын табуда. Дуальдық оқыту нәтижесі бітіруші түлектердің тәуелсіз бағалау мен бітіру мемлекеттік емтихандарын сапалы өткізуінен де көрініс табуда. Бітіруші түлектердің біліктілігін саралайтын бұл білім таразысына колледждің арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері аянбай еңбек етіп келеді. Соның нәтижесінде колледжіміз соңғы бес жылда облысымыздағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары арасында алдыңғы бестіктер қатарынан көрініп келеді.

Оқытудың дуальдық жүйесі – кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Мұнан шығар қорытынды дуальдық білім беру – кәсіби шеберлігі еңбек нарығына



бейімделген іскер азаматтарды даярлауға негізделген халықаралық жүйе. Колледж түлегі өндірістік тәжірибелер нәтижесінде өзінің жан-жақты қабілетін көрсетіп, келешектегі жұмыс орнын алдын-ала дайындауға мүмкіндік алса, жұмыс беруші мекемелер өз тарапынан білімді де, білікті жас мамандарды осы бастан таңдау мүмкіндігіне ие болады. Білім мекемесінің жұмыс берушілердің сұраныстары мен талаптарына сай мамандар даярлау жолында үнемі ізденіс және тынымсыз жұмыс жасау жауапкершілігі артады.

Біздің қазіргі мақсатымыз да сол – болашақ мамандарды кәсіптік даярлық деңгейіне жеткізіп, өз мамандығының шебері атандыру. Бұл мақсатты жүзеге асыруда бітіруші түлектер кәсіби байқауларға қатысып, колледжде алған білімдерімен жоғары бағаланып келеді. 2012 жылы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының білім алушылары арасында өткен «Электромонтер» кәсібінің үздігі атты республикалық кәсіптік шеберлік конкурсына Қызылорда облысының атынан қатысқан колледж студенті В.П.Романов «Көрермендер көзайымы» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Дипломын және «Атамекен» ҰЭП Алғыс Хатын иеленсе, үстіміздегі жылдың 9-10 сәуір аралығында Астана қаласындағы №6 кәсіптік – техникалық колледжінде Білім және ғылым министрі А. Сәрінжиповтың қатысуымен өткізілген «WorldSkills Kazakhstan» Ұлттық чемпионатына чемпионаттың ұлттық кезеңіне аймақтық байқауда «Кірпіш қалау»

мамандығы бойынша бірінші орынды иеленген «Тас қалаушы» тобының студенті Е.Қасым қатысып, жүлделі үшінші орынды жеңіп алды. Әрине, бұл жеңіс Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің ұстаздар қауымының еңбегі. Жеңімпаз Е.Қасым WorldSkills Kazakhstan Ұлттық чемпионатының үшінші дәрежелі сертификатымен және тренери Қ.Айтпаев WorldSkills Kazakhstan ресми өкілі Е.Сәдуақасованың Алғыс Хатымен марапатталды. Ерсұлтанды чемпионатқа дайындауда «РҒӘО» АҚ Қызылорда филиалының директоры Г. Пейсова мен филиал қызметкері Ш. Қалыбекованың еңбегі ұшан – теңіз.

Атқарылып жатқан жұмыстармен жеткен жетістіктеріміз де бар.

Арнайы пән оқытушысы К.Нағыман мен өндірістік оқыту шебері Қ.Нұртаза мен Қ.Жұбай 1513000 «Ветеринария» мамандығы бойынша тест тапсырмаларын әзірлеуге қатысса, арнайы пән оқытушысы Н.Өмірзақов пен өндірістік оқыту шебері Г.Джумажанова 1402000 «Жол – құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша тест тапсырмаларын әзірлеп, апробацияға жіберді. Бұл біздің ұжым үшін үлкен жетістік.

Математика пәнінің оқытушысы Г.Жаңылова облыстық «Жалпы білім беретін пән оқытушысы» кәсіби байқауына қатысып үшінші орынды иеленсе, Қызылорда облыстық оқу орталығының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары оқушылары арасында ақпараттық технологияларды пайдалану, оқушылардың зияткерлік қабілеттерін жетілдіру және кәсіби шеберліктерін дамыту мақсатында

«Жас информатик» бағдарламалау негіздері бойынша облыстық олимпиадасында колледж оқушысы Н.Бауыржан (пән мұғалімдері – Ильясов Қуандық, Ильясова Аяжан) үшінші орынды иеленді.

Колледж әдіскері Ш.Баекеева «Жыл әдіскері» республикалық байқауының облыстық кезеңіне қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленіп, республикалық «Жыл әдіскері» байқауына жолдама алып, республикалық «Жыл әдіскері» байқауына қатысты. Облыстық «Тас қалаушы – 2013» байқауына қатысқан өндірістік оқыту шебері Қ.Айтпаев бірінші орынды иеленсе, облыстық «Үздік газэлектрмен дәнекерлеуші-2013» байқауына қатысқан өндірістік оқыту шебері Ә.Пржанов «Өз ісінің шебері» номинациясымен марапатталды. Физика пәнінің оқытушысы А.Оспанова «Үздік әдістемелік құралдар» облыстық байқауына қатысып жүлдегер атанса, «Жаңа әлемдегі жаңашыл ұстаз» атты тарих пәні оқытушыларының облыстық байқауына қатысқан тарих және құқық пәнінің оқытушысы Ж. Шыраева ұйымдастырушылар алқасының Алғыс Хатына ие болды.

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары студенттері арасында өткізілген «Үздік аспазшы-2014» облыстық байқауына қатысқан колледж командасы жүлделі екінші орынды иеленді.

Облыстық «Үздік газэлектрмен дәнекерлеуші-2014» байқауына қатысқан Қ.Изенәлі, «Сварка ісі» мамандығы бойынша өткізілген «Өз мамандығының үздігі» байқауына қатысқан колледж студенті Қ.Әнапия, «Үздік механизатор» байқауына қатысқан колледж студенті Д.Абылай жүлделі бірінші орынды, «Үздік өндірістік оқыту шебері» байқауына қатысқан өндірістік оқыту шебері Ә.Пржанов жүлделі екінші орынды иеленсе, «Үздік модульдік технология шебері» байқауына қатысқан колледж оқытушысы А.Оспанова жүлделі үшінші орынға табан тіреді. Облыстық «Үздік жалпы пән оқытушысы – 2014» байқауында қазақ тілі мен әдебиеті пән оқытушысы Ж.Ысмағұл екінші орынды иеленді.

Колледж базасында «Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығы саласы үшін техникалық



және кәсіптік білімді маман даярлаудың кейбір мәселелері» тақырыбындағы облыстық семинар-кеңесі жоғары дәрежеде өткізілді.

2014 жылы Ұстаздар мерекесі күні қарсаңында колледждің физика пәні оқытушысы А.Оспанова облыс әкімі Қ.Көшербаевтың қолынан 1 миллион теңгенің сертификатын жеңіп алды.

«Кәсіптік білім беру және бизнес: Әріптестер сұхбаты» атты V облыстық еңбек форумында «Үздік колледж-2014» байқауының жеңімпаздары анықталса, байқау қорытындысымен Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің педагогикалық ұжымы жүлделі екінші орынды иеленіп, Қызылорда облысының білім басқармасының дәрежелі дипломымен және Қызылорда облысының білім беру қызметкерлері кәсіподағының ақшалай сыйлығына ие болды.

Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің базасында өткен «Кәсіптік білім беру және бизнес: Әріптестер сұхбаты» атты VI облыстық еңбек форумында «Үздік әдістемелік кабинет – 2015» байқауының қорытындысымен колледж бірінші орынды иеленіп, Қызылорда облысының білім басқармасының бірінші дәрежелі Дипломымен және колледж әдіскері

Ш.Баекеева Қызылорда облысының білім басқармасының және Қызылорда облысының білім беру қызметкерлері кәсіподағының Алғыс Хатымен қоса планшет сыйлығына ие болды.

Ауыз толтырып айтарлық жетістіктеріміздің бірі – өзімнің қырық жылға жуық техникалық және кәсіптік білім беру саласына қосқан сүбелі еңбегім үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісіне ие болдым. Әрине, бұл педагогикалық ұжымның жинақтаған жетістігінен жеткен жүлде.

Колледжде жастардың қалаған мамандығын игеру мүмкіндігіне ие болуы, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуы – еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру саласының ілгері басуы үшін жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың нәтижесі.

**Темірбек ИСМАЙЛОВ,
Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің директоры,
Білім беру ісінің құрметті қызметкері**

АННОТАЦИЯ ○

В статье директора Казалинского агротехнического колледжа Темирбека Исмаилова рассказывается о внедрении дуальной системы обучения в образовательный процесс колледжа, а также о достижениях учащихся и педагогических кадров.